

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ» МҚКК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
№65 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ КММ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ
ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР
ЖИНАҒЫ**

(5-сыныптар үшін)

НҰР-СҰЛТАН, 2021

№65 мектеп-гимназиясы ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды
(хаттама №3 30.04.2021 жыл)

Пікір берушілер: Нугербаев Т.К. аға әдіскер, «Назарбеу зияткерлік мектептері» ПШО.

Сулейменова Ф.Н, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер,
Алматы қ. №152 мектеп-гимназиясы.

Құрастырушы: Мырзахметова М.А. Қазақ тілі пәнінен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағы, 5-сынып, Нұр-Сұлтан, 2021, 54 б.

Бұл тапсырмалар жинағы 5-сынып оқушыларына арналған. Тапсырмалар қазақ тілі оқу бағдарламасына сай, әр бөлім бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың мүмкіндігі мен денсаулығына қарай ескерілген бірнеше нұсқада берілген. Жинақта ұсынылған материалдарды 5-сыныпта сабақ беретін және ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқытатын қазақ тілі пәні мұғалімдеріне пайдалануға болады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1.ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ	5
2.ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ТАРАУ ЖӘНЕ БӨЛІМДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТАР МАҚМҰНЫ.....	7
3.ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ТАРАУ ЖӘНЕ БӨЛІМ БОЙЫНША ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖИЫНТЫҒЫ	8
3.1.1-БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.....	9
3.2.2-БӨЛІМ. КИІНУ.СӘН.ТАЛҒАМ.....	11
3.3.3-БӨЛІМ. ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР.....	15
3.4.4-БӨЛІМ. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ.....	20
3.5.5-БӨЛІМ. БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ.....	25
3.6.6-БӨЛІМ. ҚИЯЛ ӘЛЕМІ.....	31
3.7.7-БӨЛІМ. КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ.....	34
3.8.8-БӨЛІМ. АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ.....	38
3.9.9-БӨЛІМ. СЫРЛЫ ДА СИҚЫРЛЫ АСПАН ӘЛЕМІ.....	43
3.10.10-БӨЛІМ.САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС.....	46
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	53

КІРІСПЕ

Президент Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. қаулысына сәйкес мұғалімдердің ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқытуда түрлі әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, жеке оқыту, даму жоспарларын, бағдарламалар, тапсырмалар жинағын құрастыру мәселесіне үлес қосу, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке тұлға ретінде қоғамды өз орнын табуға көмек беруді қолға алды [1].

Бүгінде Нұр- Сұлтан қаласы №65 мектеп-гимназиясында 113 оқушы ерекше білім беруді қажет етеді. Аталған оқушылардың барлығы 1-11 сыныптарында 4 оқушыдан аспайтын көлемде тең бөлінген. Инклюзивті білім берудің талаптарына сәйкес мектеп қабырғасында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруда оқу-тәрбие шаралары үнемі ұйымдастырылады.

Жаңартылған білім берудің жалпыға міндетті стандартының нормаларына сәйкес білім беру ұйымындағы 5-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша «Қазақ тілі пәнінен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар жинағы» ұзақ мерзімді жоспар (ҰМЖ), орта мерзімді жоспар (ОМЖ) және қысқа мерзімді жоспар (ҚМЖ) негізге ала отырып құрастырылды. 2020-2021 оқу жылының 4 тоқсаны бойынша қазақ тілі пәнінің қалыптастырушы және бөлім бойынша жиынтық бағалауларын ерекше қамқорлықты қажет ететін оқушылардың диагноздары мен қажеттіліктеріне қарай құрастырылып, сабақ үдерісінде тәжірибеден өткізілген. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды оқытудағы әдістемелік нұсқаулықтар мен қазақ тілі бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы негізге алынды. Сонымен қатар, құрастырылған тапсырмалардың бағалау дескриптерлерін ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, пән мұғалімдері өзгерте алатынын және бағалау критерийлерін құрастыруға болатынын ескертеміз.

Бұл жинақтағы материалдар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қазақ тілі пәнінен меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің қалыптасып, тілдік пәндер бойынша қызметтің төрт түріне: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым қабілеттерін арттыруға бағытталған. Тапсырмалар оқушылардың ойын, қабылдау қабілетін, сөздік қорын дамытады. Осындай әр түрлі жеңіл, әрі қызықты орындалатын жұмыстар оқушылардың қызығушылығын арттырады[2].

Қазақ тілі пәні бойынша оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруға арналған материалдар жалпы орта білім беретін мектептердің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылары бар сыныптарда тәжірибеден өткен. (№65 мектеп-гимназиясы, 2020-2021 оқу жылы, 5-сынып қазақ тілі).

1. ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖӘНЕ ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Инклюзивті білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білімі мен біліктері критериалды бағалаудың нақты индикаторлары жоқ. Бұл тұрғыда оқушылардың оқуында туындаған проблемаларын шешуде қазақ тілі пәні мұғалімдері оқу бағдарламасындағы пән сабақтарының оқу мақсаттарына және қысқа мерзімді жоспарына өзгерістер енгізе алады. Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген. **Тілдік пәндер бойынша** білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары Блум таксономиясына негізделген[5].

Ерекше оқыту қажеттілігі бар білім алушылардың тілдік пәндер бойынша оқу жетістігін бағалау өлшемшарттары келесі ережелерге негізделген:

- **Біледі** – нақты фактілерді, ақпаратты және сипаттамаларды қайта жаңғырту немесе есте сақтау қабілетінің бағасы.

- **Түсінеді** – ақпаратты дұрыс қайта жаңғырту, болжау немесе түсіндіру арқылы меңгерілген материалды түсіну және түсіндіру қабілетінің бағасы.

- **Қолданады** – проблемаларды шешу мақсатында меңгерілген материалды нақты жағдайларда және жаңа жағдаяттарда қолдану қабілетінің бағасы. Практикалық жұмыс, эксперименттер, проблемаларды шешу мен жаңа және/немесе түрлі өнімдер жасау білімді қолдануды көрсетудің тәсілдері болып табылады.

- **Талдайды** – түрткілер мен себептерді, ой қорытындыларын анықтау, ортақ ережелерді негіздеу үшін дәлелдер табу арқылы ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, ақпаратты зерделеу қабілетінің бағасы.

- **Жинақтайды** – бөліктерді (идеялар, элементтер) жаңа мәнмәтінге біріктіру, қиыстыру қабілеті, мысалы қолдағы бар мәліметтерді реттейтін хабарлама (баяндама, сөз), іс-әрекет жоспары, сызбалар. Оқытудың тиісті күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу шығармашылық сипаттағы қызметті болжамдайды.

- **Бағалайды** – қандай да бір материалдың (пікірлер, көркемдік шығармалар, зерттеу деректері) маңызын бағалау қабілетінің бағасы[5].

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны тіл теориясының бөлімдері бойынша білім, басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай

әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді [5].

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламасына сәйкес қазақ тілі пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер қазақ тілі пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады. Сонымен қатар қазақ тілі сабағында күтілетін нәтижелер жүйесі оқушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың жеке даму траекторияларын қалыптастыруға және олардың оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізуге ілгерілеуіне мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілі пәнін оқыту мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқыту барысында негізгі міндеттерді ескеру қажет:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану;

2) тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу;

3) аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіру; 4) мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 5-сыныптар оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат болып табылады [2].

2.ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ТАРАУ ЖӘНЕ БӨЛІМНІҢ ТАҚЫРЫПТАР МАЗМҰНЫ

1-тоқсан

1-бөлім. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас

1-сабақ. Тіл және сөйлеу

2-сабақ. Сәлем сөздің анасы

3-сабақ. Сұхбаттасу мәдениеті.

2-бөлім. Киіну. Сән. Талғам.

1-сабақ. Киім түрлері және талғам

2-сабақ. Қазіргі сән

3-бөлім. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер

1-сабақ. Отбасылық ғұрыптар

2-сабақ. Қазақ халқының салт-дәстүрі

4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі

1-сабақ. Жануарлар және тіршілік

2-тоқсан

2-сабақ. Төрт түлік

3-сабақ. Өсімдіктер туралы не білеміз?

5-бөлім. Бос уақыт және хобби.

1-сабақ. Уақыт алға жетелейді. Уақыттың бағасы

2-сабақ. Бос уақытты жоспарлау

3-сабақ. Қазақ халқы бос уақытын қалай өткізген?

4-сабақ. Хобби еріккеннің ермегі емес.

3-тоқсан

6-бөлім. Қиял әлемі

1-сабақ. Қиял – адамзатқа тән қасиет

2-сабақ. Бала қиялы

3-сабақ. Қиял мен шындық бірлігі

7-бөлім. Көлік және жол белгілері

1-сабақ. Жол белгілерін білеміз ?

2-сабақ. Жол жүру ережелері қашан пайда болды?

3-сабақ. Көлік түрлері

4-сабақ. Жол ережесін сақтаймыз!

8-бөлім. Адамның сырт келбеті мен көрінісі

1-сабақ. Адамның келбеті және тазалық

2-сабақ. Мінез – ақылдың сауыты

9-бөлім. Сырлы да сиқырлы аспан әлемі

1-сабақ. Сырлы да сиқырлы аспан әлемі

2-сабақ. Аспан денелері қалай зерттеледі?

4-тоқсан

10-бөлім. Саяхат және демалыс

1-сабақ. Саяхат - таным бастауы

2-сабақ. Қазақтың тұңғыш жиһанкезі

3-сабақ. Жаңа әлемдегі жаңа саяхатта

3.ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘННДЕ ТАРАУ ЖӘНЕ БӨЛІМ БОЙЫНША ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

3.1. 1-БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

1-сабақ. Сабақтың тақырыбы: Тіл және сөйлеу.

Мақсаты: 5.ӘТН1. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Айтылым. 1-тапсырма. Оқушы өзі жеке орындайды.



Дескриптор: -тілдің құрал ретіндегі мағынасын аша алады;
-құрал ретінде қалай пайдаланатынын жіктеп айта алады.

Жазылым. 2-тапсырма.

Төмендегі берілген дыбыстардың дауыстыларды – қызыл квадратқа, дауыссыз дыбыстарды – сары квадратқа орналастырыңыз.

Ескерту: Оқушы педагог-ассистенттің көмегімен бірге жасайды!

О С Т Г Ф Л Ж Е З Қ І И Ң

ДАУЫСТЫ
ДЫБЫСТАР

ДАУЫССЫЗ
ДЫБЫСТАР

Дескриптор: - дауысты дыбыстарды ажыра алады;
- дауыссыз дыбыстарды ажырата алады.

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сәлем сөздің анасы

Мақсаты: 5.ӘТН1. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу. Берілген суретке қарап диалог құрастыру.

Айтылым. 1-тапсырма. Суретке қарап, досыңмен көріскенде әңгімені қалай бастайсыз? Досыңызбен қалай амандасасыз?

Ескерту: оқушы тапсырманы жеке өзі орындайды.



[1-сурет. 4-сілтеме <https://rutvet.ru/in-kak-zdorovayutsya-musulmane-8258.html>]

Дескриптор:

- суретті мұқият қарап шығады;
- досымен қалай амандасуды біледі;
- диалог құрастыра алады.

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. Төменде берілген сөзді орфографиялық нормаға сай жазыңыз Үндестік заңына бағынбай тұр?

Ескерту: тапсырманы педагог-ассистенттің көмегімен орындайды.

Талдығорған -.....

Сыныбы -

Амаңгелді -

Қарала -

Қара ғозы -

Дескриптор:

- сөздерді жұрыс жазады;
- үндестік заңына бағынбайтын себебін түсіндіреді.

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сұхбаттасу мәдениеті.

Ойлау дағдысы: жоғары

Айтылым . 1-тапсырма. Суретті қарап шығыңыз. Ата мен бала не туралы сөйлесіп жатыр? Әңгімеге ат қойыңыз.

.....



[2-сурет.5-сілтеме <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/46056/>]

Дескриптор: -ата мен балаға ат қояды;
-не туралы сөйлесіп жатқанын әңгімелейді;
-әңгімеге ат қояды.

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. *Қазақта сөйлеу мәдениетіне қатысты көптеген тыйым сөздер бар. Өзің естіген, білетін тыйым сөздер қатарын толықтырыңыз.*

1. Үлкендермен жағаласып сөйлеме!
2. Өзіңнен үлкен адамдармен «сіз» деп сөйлес!
3.
4.

Дескриптор: - тыйым сөздердің қатарын толықтырады;

3.2.2-бөлім. КИІНУ.СӘН.ТАЛҒАМ

Мақсаты: 5.ӘТН2. Сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу.

4.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Киім түрлері және талғам

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Айтылым.1-тапсырма. Төмендегі қазақтың ұлттық киімдерінің біреуін таңдап, сипаттап беріңіз. Ұлттық киімдердің артықшылықтарын атап кетіңіз.



[3-сурет. 6-сілтеме. <http://900igr.net/prezentacija/tehnologija/kazakhskaja-natsionalnaja-odezhda-129090/shapan-khalat-osnovnoj-vid-odezhdy-kazakhov-6.html>]

Дескриптор:

- ұлттық киімнің бірін таңдап, түр-сипатын сипаттайды;
- киімнің артықшылығын табады;
- аталған киімнің кімге арналғанын анықтайды.

Ойлау деңгейі: орта деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің қандай дыбыстық өзгеріске ұшырағанын анықтап, ықпал түрлерін ажыратып жазыңыз.

Мысалы: жүз сом – жүс сом – кейінгі ықпал

Сазсырнай, бозша торғай, көз салу, жұмысшы, сөзшең, көкешкі, тас жарған.

Дескриптор:

- сөздер мен сөз тіркестерінен ықпал түрлерін ажыратады;
- дыбыстардың өзгеруі ретін анықтайды.



Айтылым. 3-тапсырма. Төмендегі суреттерге мұқият қарап, қазақтың ұлттық киім түрлерін ажыратып кесте салыңыз.

Жеңіл көйлек

қамзол


сәукеле

шапан



Ішік (тон)

жігіттер киімі



Қыздар арналған киім	Келіншек киімі	Жігіттер киімі	Үлкен жастағы ерлер киімі

[4-сурет. 7-сілтеме <https://multiurok.ru/files/u-ltтыk-kiimdier-s-ukieliie-zhasau-prieziatatsiia.html>]




Дескриптор:

- ұлттық киімнің бірін таңдап, түр-сипатын сипаттайды;
- киімнің түрлерін табады;
- аталған киімнің кімге арналғанын анықтайды.

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Оқылым. 4-тапсырма. Төмендегі дөңгелек ішіндегі сипатталған киім түрлерін оқып шығып, сәйкес түсті сәйкестендіріңіз.

Киім Тымақ Сәукеле Жаулық Кеудеше Кимешек Етік



Дескриптор:

- ұлттық киімнің түрін анықтап, сәйкестендіреді;
- киімнің артықшылығын табады;
- аталған киімнің кімге арналғанын анықтайды.

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қазіргі сән

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Оқылым. Айтылым. 1-тапсырма. Мәтіндегі стиль түрлерімен мұқият танысып, өзіңнің жақсы көретін стилің туралы ой бөліс.

Классикалық

стильге (қатал. Іскер, сәнді киіну) салыстырмалы түрде тұрақты, сән әлеміндегі өзгерістерге онша беріле бермейтін барлық киім түрлері кіреді. Ерлердің классикалық киімдеріне – костюм шалбар немесе тек шалбардың өзі, жакет – костюм. Әйелдер киімінің

Іскерлік стиль:

- 1 Қимылға кедергі келтірмейді, ыңғайлы;
- 2 Нәзік реңкті немесе ұсақ суретті жоғары саналы;
- 3 Түстері қатты ашық емес және нәзік, тынық;
- 4 Аксессуарлар мен әшекейлерді ұстамды
- 5 Орташа өкшелі немесе өкшесіз жайпақ аяқ киімдер.

Спорттық стиль

- демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер. Спорттық киімдер ассортименттері - күртеше, жейде, әр түрлі ұзындықтағы және әр түрлі әрленген белдемшелер комбинезондар, джинсы киімдері. Бұл стильдегі киімдер түйме, батырма, сыдырма

Романтикалық стильде –

әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік, нәзіктікті әдеттегіден тыс бөліп көрсетеді. Романтикалық стильдің ерекшелігі - қатпарлар, желбіреушілер, шілтерлер, банттар, желбіршектер жиынтығынан тұрады

МЕНІҢ СТИЛІМ...

Фольклорлық стиль (этникалық)

ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою - өрнектер кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері, жоғары технологиялық әдістер кеңінен пайдаланылады. Фольклорлық стильді көбіне кантри стиль деп атайды.

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдердің ішінен түсіп қалған оқшау сөздерді көп нүктенің орнына қойып, сөйлемді толықтырыңыз.

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Тілдік бағдар: Оқшау сөздер

1. енді қайттік. Енді қайттік?
2. Айбардың айтып отырғаны дұрыс!
3. «Кел, ... , оқылық»
4. Е , жасым секесенге келгенде, біреудің қанын жүктеп не қылайын?!

Керекті сөздер: шырағым, меніңше, балалар, ойбай-ау,

Дескриптор:

- сәйкес сөзді таба алады;
- сөйлемдерді толықтырып жазады

3.3. 3-БӨЛІМ:ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР

Мақсаты: 5.ЭТН3.Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Отбасылық ғұрыптар

Ойлау дағдысы: төмен деңгейлі

Айтылым. 1-тапсырма. Суретті мысалға келтіре отырып, өзіңіздің отбасыңызда тойланатын әртүрлі мерекелер мен дәстүрлер туралы айтыңыз.



Сенің отбасыңда бұрыннан келе жатқан қандай әдет-ғұрып бар? Оны қалай атап өтесің?

[5-сурет. 14-сілтеме. <https://www.telefon150.kz/tpost/8xkfuku05u-otbasili-dstrler-arim-atinasti-zhasartud>]

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Оқылым. 2-тапсырма. Бесік жыры туралы мәтінді мұқият оқып шығып, әдет-ғұрыптың қай түріне жататынын ажыратыңыз.



Бесік жыры - баланың сәби кезінде, яғни 1 — 5 жас аралығында, бала жанына жағымды әуенмен айтылады, әуен-сазсыз бесік жырының мәні де, сәні де келмейді. сәбиді жұбату және оның болашағына деген ата-аналық тілегін білдіреді; Ананың балаға деген мейірі, махаббаты, ой-арманы, ізгі ниеті, халықтың ақыл өсиеттері айқын керінеді.

Сұрақ: Бесік жыры қай ғұрып түрлеріне жатады? Ойыңызды дәлелдеңіз. (Сәбилік ғұрып, үйлену ғұрпы, азалау ғұрпы)

[6-сурет. 14-сілтеме: <https://www.telefon150.kz/tpost/8xkfuku05u-otbasili-dstrler-arim-atinasti-zhasartud>]

Дескриптор: -отбасылық дәстүр, ғұрыптың түр-сипатын сипаттайды;

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының салт-дәстүрі

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Оқылым.1-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқып, қазақтың қандай салт-дәстүрі туралы айтылып тұрғанын анықтаңыз.

жас бала 6-7 жасқа келгенде



Тай атау

қамшы өріп

Жуас

тайға

отырғызу

Ашамайға мінгізу

[7-сурет.16-сілтеме: <https://zhalagash-zharshysy.kz/zanalyk/ruhaniyt/23-mytyla-bastaan-aza-salt-dstrler.html>]

Сұрақ: Бұл қандай дәстүр? Кімге арнап жасалады?

Тілдік бағдар: Орфоэпиялық норма, орфографиялық норма

Ойлау дағдысы: төмен деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі қос сөздердің орфографиялық нормасына сай жазыңыз.

Ғыз-келіншек -

ат чабу -

өлөң айту-

той-думалақ -

құттұ болсын -

Дескриптор: - сөздерді орфографиялық нормаға (дұрыс жазылу нормасы) сай жазады.

«ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ

Оқу мақсаты	5.Т/А4.Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау. 5.ӘТНЗ.Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көпмағыналы сөздерді ажыра білу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы:</i> <ul style="list-style-type: none">• Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы ойды анықтай алады;• Тура және ауыспалы мағына сөздерді, көпмағыналы сөздерді ажырата алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Орындау уақыты	15-20 минут

Тапсырма. Мәтінге ат қойыңыз. Мәтіннің мазмұнын ашатын 4-5 тірек сөздерді теріп жазыңыз. Қарамен белгіленген сөздің мағынасын ашыңыз.

...

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.

Тірек сөздер:

Ұшы – 1.
2.

Дескриптор:

- мәтінге ат қояды;
- тірек сөздерді табуды біледі;
- сөздің көп мағынасын біледі.

1-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ
Бөлімдер: «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас» , «Киім.Сән. Талғам» ,
«Отбасылық ғұрыптар»

Оқу мақсаты: 5.Ж1.Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру;
5.ӘТН1. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.

Бағалау критерийі

1. Берілген мәтінді мұқият оқып, ондағы негізгі ойды анықтайды.
2. Мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімнен тұратын қарапайым жоспар құрады.
3. Мәтіннен тірек сөздерді анықтап, негізгі тірек сөзге фонетикалық талдау жүргізеді.
4. Қарамен берілген сөздерді екпін түріне қарай ажыратады.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Білу, түсіну, талдау

Орындау уақыты: 40 минут

Тапсырма. Оқылым. Мәтінді мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

Халқымызда "Адам көркі – шүберек" деген мақал бар. Аталы сөздің астарына үңілсек, жан сұлулығын тәннің сұлулығы толықтыра түсетінін меңзейтіндей. Үстіңіздегі киім тал бойыңызға жарасып, ажарыңызды аша түссе тамаша емес пе?!

Киім адамзат үшін сыртқы ортаның әсерінен қорғаныс пен жылыну құралы ғана емес. Бұл адамның беделінің, қоғамдағы дәрежесінің бірден-бір көрсеткіші. Ортамыз бізді киген киімімізге қарап бағалайды. Тігіншілер мен сәнді дизайнерлер жылдан-жылға мыңдаған киім түрлерін ойлап шығаруда. Соның арқасында әр адамның өз бейнесін өзгертіп, біркелкі болып қалмауына мүмкіндігі бар. Алайда киімнің осындай түрлілігі арасында әр адам өзіне тән стиль таңдайды. Бұл сіздің мінезіңіз бен өміріңіздегі қызуғышылықтарыңызға байланысты болады екен.

1. Мәтінге қатысты сөйлемді белгілеңіз:

А. Табиғат – адамның үйі

Ә. Киім – адамның сыртқы келбетін мүсіндейді.

Б. Жақсымен дос болсаң ұятқа қалмайсың.

[2]

2. Мәтінге лайықты тақырыпты таңдаңыз.

А. Жақсы ой

Ә.Денсаулық

Б. Киім – сыртқы қорған.

[2]

Тапсырма. Айтылым. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Тіл арқылы біз не істейміз?

1.....

2.....

3.....

[5]

Тапсырма. Жазылым. Төмендегі сөздерді буын үндестігіне қарай тиісті әріптерін жазыңыз.

ТҰСАУ..ЕСЕР, С..НДЕТ..ОЙ , КІТА..Ы, ЖАҢА...ОРҒАН

[4]

Балл қою кестесі:

Оқылым	Мәтінге қатысты дұрыс сөйлемді белгілейді- 2 Мәтінге лайықты тақырыпты белгілейді- 2
Айтылым	Сұрақтарға жауап береді - 5
жазылым	Буын үндестігін сақтап, тиісті әріптерді жазады - 4

3.4.4-БӨЛІМ. ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

Оқу мақсаты: 5.01.Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.
5.ӘТНЗ. Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жануарлар және тіршілік

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Оқылым. Айтылым. 1-тапсырма. Төменде көрсетілген тіршілік иелерінен қай жануар немен қоректенетінін тізбек құрастырыңыз.

Қоректік тізбек құрастырыңыз



Мысалы:

10- 3

[8-сурет. <https://ppt-online.org/354529>]

Тілдік бағдар: Антонимдер мен синонимдер

Ойлау дағдысы: төмен деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. Төменде берілген сөздердің антонимдік қатарын жазыңыз. Бір антонимдік қатарды қатыстырып сөйлем құраңыз.

Ауыр -

ақ -

Арзан -

еріншек -.....

Айтылым. 3-тапсырма. Ережені толықтырып оқып шығыңыз.

Жазылуы, айтылуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздер..... деп аталады.

Дескриптор:

-тіршілік иелерінің тізбегін құрастырады;

-антоним мен синоним сөздерді ажыратады.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Төрт түлік

Айтылым. 1-тапсырма. Төрт түліктің адам баласына тигізетін пайдасын сызбаға қарап айтыңыз.

Ойлау дағдысы: төмен деңгейлі

Ішсе

кисе

ТӨРТ
ТҮЛІКТІҢ
ПАЙДАСЫ

мінсе.....

Дескриптор: -төрт түліктің пайдасын сызбаға түсіреді;
-төрт түліктерді атайды.

Тілдік бағдар: көп мағыналы сөздер

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Оқылым. 2-тапсырма.

а) Мәтіннен 5 тірек сөзін тауып жазыңыз.

Үй жануарлары, доместикация — жануарлардың қолға үйретілген түрлері. Сондықтан кейде бұларды қолға үйретілген жануарлар деп атайды. Мүйізді ірі қара, түйе, жылқы, есек, қой-ешкі, ит, шошқа, мысық, үй қояны, теңіз тышқаны; құстардан тауық, үйрек, қаз, күркетауық, кептер; тоғандарда өсірілетін балықтар үй жануарларына жатады.

Үй жануарлары тек материалдық байлық көзі ғана емес, сонымен бірге, рухани қазына болып есептелінеді. Жаңа ортаның әсері және қолдан іріктеу, жұп таңдау нәтижесінде бұларда адамға пайдалы жабайы жануардан өзгеше қасиеттер пайда болды. Осы кездегі мал тұқымдары өзінің жабайы ата тегінен едәуір ірі, етті, аяқтары қысқа, тұрқында да өзгерістер байқалады.

Тірек сөздер:

ә) Төмендегі сөздің мағыналарын айтыңыз:

Аяғы 1.....

2.....

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Өсімдіктер туралы не білеміз?

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Жазылым. 1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, өсімдіктің қасиетін білдіретін сөздерді теріп жазыңыз.

Итмұрын – бағалы дәрумендерге өте бай жеміс. Одан дайындалған дәрі-дәрмек медицинада асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданады. Ал гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады. С дәруменіне бай жемісті емдік дәрі ретінде әрі дәрумен түрінде көптеген жүзжылдықтардан бері кәдеге жаратып келеді. Оны тибеттік медицинада да қолданған. Шығыста итмұрынды аса жоғары бағалап, оның адам күш-қуатын жоғарылататын, көңіл-күйін көтеретін, әдемілік пен денсаулықты арттыратын қасиетке ие екенін айтады.

Декриптор: - итмұрынның қасиетін білдіретін сөздерді теріп жазады.

Тілдік бағдар: омоним және көпмағыналы сөздер

Тыңдалым. 2-тапсырма. Суреттерге мұқият қарап шығып, қандай омоним болатын сөздер туралы екенін табыңыз.



ОМОНИМ СӨЗ. ?

[9-сурет: <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/qumyrsqalar-turaly-qyzyqty-malimetter-697/> /
10-сурет: <https://massaget.kz/kyizdarga/kulinariya/39491/>]



ОМОНИМ СӨЗ. ?

Дескриптор: - суреттерді мағынасы жағынан байланыстырады;
-суретке қарап омоним сөзді табады.

3.5.5-БӨЛІМ. БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ

Мақсаты:

5.ӘТН4.1. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану.

5.О2.Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану.


5.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Уақыт алға жетелейді. Уақыттың бағасы

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. *Суреттерге мұқият қарап адам баласы уақыт өте қандай кезеңдерден өтетіні туралы ойланыңыз. . Әр кезеңге жеке тоқталып кетіңіз.*



[11-сурет: <https://bilim-all.kz/article/2095-Adamnyn-zhasyna-bailanysty-ataular>]

Дескриптор: - суреттегі адамның әр кезеңіне тоқталады;

- адам дамуының әр кезеңіндегі басты оқиғаларды айтады.

Тілдік бағдар: Туынды сөздер

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Жазылым: 2-тапсырма. Төмендегі түбір сөздерге тиісті жұрнақтарын жалғап, туынды сөз жасаңыз. Бір туынды сөзді қатыстырып сөйлем құраңыз.

күре - шең

Жас - қын

Сөз - к

Қааш - тық



2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Бос уақытты жоспарлау

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Айтылым. 1-тапсырма. Төмендегі сызбаға өзіңіздің бос уақтыңызды қалай өткізетіндігіңіз туралы, қалай жоспарлайтыныңыз туралы айтыңыз.



Дескриптор: - қай уақытта бос уақыты болатынын әңгімелейді;

- сол уақытты қалай жоспарлайтыны туралы ой бөліседі.

Тілдік бағдар: Көркем әдебиет стилі

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Оқылым. 2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен мұқият танысып, көркем әдебиет стилі екеніне дәлел келтіріңіз.

....Суреттердің бірінде тұнық бір көлдің суреті болды. Көлдің бетіне айнадай болғаны соншалық айналасындағы таулардың бейнесі шағылып тұрды. Көлдің үстінде аппақ, мақтадай ақ бұлттар бар. Суретке кім қараса бірден «қандай жарастық, тыныштық. Бақыт осы болар» деп ойлайды. Басқа суретте таулар салынған. Бірақ тік, күрделі таулар. Күн күркіреп, жаңбыр жауып тұр. Тау бөктерінде сарқырама бар. Қысқасы сурет еш ғанибет суреті емес-ті.

Бірақ, бай кісі суретке қарап сарқыраманың қасында кішкентай құстың бейнесін көреді. Қасында құс ұясы да салынған екен. Кішкентай құс судың ортасында ұя құрған. Бақыт пен ғанибеттің керемет үлгісі. Бірден жеңімпаз болып осы сурет атанды.

Дескриптор:

- мәтінді мұқият оқып түсінеді;
- мәтіннен көркем әдебиет стилге тән белгілерді айтады;
- мәтінге ат қояды.

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: . Қазақ халқы бос уақытын қалай өткізген?

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Оқылым. 1-тапсырма. Суреттер тізбегіне қарап ертедегі қазақ халқының уақыттарын -қалай өткізгендерін сипаттап айтып беріңіз.




Дескриптор: - әр суретке байланысты ойын айтады;
-суреттерді байланыстырып, мәтін құрайды.

[11-сурет: <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/8850>]

Тілдік бағдар: Күрделі сөздер

Ойлау дағдысы: жоғары деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі адасқан сөздерден күрделі сөз жасаңыз.



4-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Хобби еріккеннің ермегі емес.

Ойлау дағдысы: төмен деңгейлі

Айтылым: 1-тапсырма. Өзіңіздің хоббиіңіз туралы айта отырып, диалогты толықтырыңыз.

Айжан: Сәлем, ? Қалың қалай?

Мен:

Айжан: Сенің хоббиің бар ма?

Мен:

Айжан: ол қандай хобби? Айтып берші!

Мен:

Айжан: өте қызықты екен! Бұл хоббимен қашаннан бері айналысасың?

Мен:

Айжан: ол үшін не істеу керек?

Мен:

Айжан: Маған да үйретші. Бәлкім, маған да ұнап қалар. Өте қызықты екен!

Рақмет! Сау бол!

Тілдік бағдар: Ауызекі сөйлеу стилі:

Ойлау дағдысы: орта деңгейлі

Жазылым. 2-тапсырма. Сөйледердің ішінен ауызекі сөйлеу стиліне тән қатарын жазып шық. Қандай ерекшеліктері бар екенін айта кетіңіз.

1. Ой, қойшы, мен келіспеймін! 2. Көгілдір өзен жағасында, жап-жасыл көгорай шалғында бір қария өмір сүріпті. 3. Қалай, жайқалып келем ме? 4. Әрбір саяхатшы бір көруді армандайтын қала – Алматы. 5. Шамаң келсе, он шыбық отырғыз.

Дескриптор: - сөйлемдерді мұқият оқып шығады;
- ауызекі сөйлеу стиліне тән сөйлемдерді ажыратады;
- ерекшеліктерін айтады.

**«ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ» БӨЛІМІ
БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ**

Оқу мақсаты: 5.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, сөздердің айтылу мақсатына қарай ажырата білу

Ойлау дағдыларының деңгейі білу, түсіну, төмен деңгей

Орындау уақыты 15-20 минут

1-тапсырма. Оқылым. Төмендегі жануарларды мекен етуіне қарай ажыратыңыз.

Барыс, түйе, ілбіс, қоңыр аю, ешкі, сиыр, түйеқұс, арыстан, қасқыр

Үй жануарлары -----

Жыртқыштар----- [4]

2-тапсырма. Айтылым. Сұрақтарға жауап беріңіз.

«Қызыл кітап» деген не? Оған қандай аң-құстар кіреді?

[3]

Дескриптор:

- үй жануарларын ажыратады;
- жыртқыш аңдарды ажыратады;
- қызыл кітапқа анықтама береді;
- қызыл кітапқа енген аң-құстарды айтады.

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Бөлімдер: Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі. Лексика.

Бос уақыт және хобби. Морфология.

- Оқу мақсаты:**
- 5.ӘТН4.1. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ажырата білу;
 - 5.Ж1. Берілген мәтінге сәйкес тақырыптарды анықтау;

Ойлау дағдысы:білу, түсіну, талдау, орта деңгей

Бағалау критерийі:

1. Түбір сөздерге жұрнақ жалғап, туынды сөз жасай алады;
2. Мәтінге сәйкес негізгі, кіріспе жіне қорытынды бөлімдерін қамтитын жоспар құра алады.
3. Күрделі сөздерді құрамына қарай ажырата алады.
4. Тиісті жұрнақтарды жалғап, туынды сөз жасай алады.

1-тапсырма. Жазылым. Төмендегі түбір сөздерге керекті жұрнақтарды жалғап, туынды сөз жасаңыз.

-ыш, -у, -і, м, -та,

Ақ +

Қуан +.....

Жаз+

Біл+

[4]

2-тапсырма. Оқылым. Төмендегі бос уақытты өткізудің жолдарының дұрыс сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.

3-

- | | |
|--------------------|--|
| Үй жануарын асырау | 1. Әдеби кітаптар, күйтабақтар, базарлықтар, пошта маркалары, ыдыс-аяқтар, жұмсақ ойыншықтар сияқты дүниелерді жиыстырып, өзіңіздің коллекцияңызды толықтыру |
| Блок жүргізу | 2. Аквариумдағы балықтар, мысықтар, кішкентай иттер, тасбақа т.б. қалаған үй жануарларын асырау.. Үй жануарыңызға күтім көрсету. |
| Коллекция жинау | 3. Ғаламтор беттеріндегі ақпараттық-танымдық порталдарға тіркеліп, блог жүргізіңіз. Өзіңіздің басыңыздан өткен қызықты оқиғаларды, ой-толғауларыңызды жазып, өзгелердің пікіріне зер салу. |

1. _____
2. _____
3. -----

[6]

4-тапсырма. Айтылым. Берілген күрделі сөздердің құрамына қарай қалай жасалғанын айтыңыз (біріккен, қысқарған, қос сөз).

АҚШ, ата-ана, алабұғы, кг, Көкшетау, азық-түлік.

[5]

Балл қою кестесі:

Жазылым	Жұрнақтарын дұрыс жалғайды-2 Туынды сөз жасайды - 2
Оқылым	Дұрыс сипаттамасын сәйкестендіреді: 1.2 2.....2 3.....2
Айтылым	Күрдел сөздерді құрамына қарай ажыратады - 5

3- ТОҚСАН ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты: .

5.ӘТН4.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.

5.ӘТН4.3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу.

5.ӘТН4.4. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу.

3.6.6-БӨЛІМ. ҚИЯЛ ӘЛЕМІ

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қиял – адамзатқа тән қасиет

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Айтылым. 1-тапсырма.

«Қиял» мен «арман» сөзінің ұқсастығы мен айырмашылығы бар ма? Дәлелмен айтыңыз.



Дескриптор:

- қиялға тән түсінігін айтады;
- арман туралы ойын айтады;
- ойын мысалмен дәлелдейді.

Тілдік бағдар: Зат есім (негізгі, туынды, дара, күрделі)

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Айтылым. 2-тапсырма. *Төмендегі зат есімдерге сұрақ қойып, Кім? Не?*

Сұрақтары қалай қойылатынын айтыңыз.

Зат есімдер: ағаш, көлік, қыз, жүргізуші, құмырсқа, бұлт, студент.

Жазылым. 3-тапсырма. *Берілген зат есімдерге тиісті жұрнақтар жалғап, туынды зат есім жасаңыз.*

БІЛ	-ШІ
ДОС	-ІМ
СУРЕТ	-ТЫҚ

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Бала қиялы

Тілдік бағдар: Деректі, дерексіз зат есімдер

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. Құммен сурет салу сенің қиялыңа қалай әсер етеді?



Құммен сурет салу

Егер сіз құммен сурет салу шебері болсаңыз не салар едіңіз?

[12-сурет: <https://m.facebook.com/balapantv/posts/550396938402916>]

Дескриптор:

- өз ойын айтады;
- қиялға әсер ететіндігін айтады.
- құммен сурет салудың ерекшелігін айтады.

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі зат есімдерге сұрақ қойып, деректі не дерексіз зат есім екенін ажыратыңыз.

Арман, тас, сезім, бұл, жел, ауа, орындық, теңіз.



Дескриптор:

- деректі зат есімдерді ажыратады;
- деректі зат есімдерді ажыратады

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қиял мен шындық бірлігі

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. Суретке мұқият қарап, суретке түсіріп тұрған фотографты сипаттап беріңіз. Суретің қай тұсы қиял, қай тұсы шындық?



[13-сурет: https://massaget.kz/userdata/users/user_49487/1381933339.jpg]

Дескриптор: - суреттің қиял тұсын сипаттайды:
-суреттен шындық тұсын айтады.

Тілдік бағдар: жалпы және жалқы есімдер

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Оқылым. 2-тапсырма. Төмендегі жалпы есімдерді жалқы есімдерге айналдырыңыз. Жалқы есімге айналған сөздің ерекшелігі неде?

Тау – Көкшетау тауы

Жеміс –

Көл –

Кітап –

Ұл –

Мінез –

Дескриптор: - жалпы зат есімдерді жалқы есімдерге айналдырады;
-айырмашылығын түсіндіреді.

3.6.6-БӨЛІМ.КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жол белгілерін білеміз ?

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Айтылым. 1-тапсырма.

Өзіңіздің үйіңізден мектепке дейінгі жолда қандай жол белгілері бар? Қандай жол белгілерін жолықтырасыз?



Дескриптор:

- үйден мектепке дейінгі жолды айтады;
- жол-жәнекей кездесетін жол белгілерін айтады;
- жол белгілерінің мағынасын біледі.

Тілдік бағдар: Сын есім

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Айтылым. 2-тапсырма. Берілген суреттегі зам есімді белгілеріне қарай сипаттаңыз. (түрі, түсі, дәмі, көлемі, салмағы)

салмағы?

Түсі?

иісі?



Дәмі?

Көлемі?

пішіні?

Дескриптор:


- алманың барлық сипатын айтады.

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жол жүру ережелері қашан пайда болды?

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Оқылым. 1-тапсырма. Суретке мұқият қарап шығып, жол жүру ережелері болмаған кез деп елестетіңіз. Бұл суреттің қай тұсына жол белгілерін қояр едіңіз?



[14-сурет: <http://sabaq.kz/wp-content/uploads/2015/09/pdd.jpg>]

Дескриптор: - керекті жол белгілерін атайды;
- тиісті орынға қоя алады.

Тілдік бағдар: Сапалық және қатыстық сын есім.

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі сапалық сын есімдерге жұрнақ жалғап қатыстық сын есім жасаңыз. Тиісті жұрнақтармен сәйкестендіріңіз.

Бала	-лі
көңіл	-сыз
Бақыт	-сіз
әсер	-ты
Сапа	-лы

Дескриптор: - сәйкес жұрнақтарын жалғайды;
- сәйкестендіреді.

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Көлік түрлері

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. Төмендегі көлік түрлерін пайдану мақсатына қарай бөліп ажыратыңыз



[15-сурет: <https://habarlama.com/image/42/transport.png>]

Жеңіл көліктер: _____

Қоғамдық көліктер: _____

Жүк тасушы көліктер: _____

Ауа көліктері: _____

Су үсті көліктері: _____

Дескриптор: - көлік түрлерін біледі;
- пайдалану мақсатына қарай ажыратады.

Тілдік бағдар: Сын есім шырайлары

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Берілген сын есімдерді сапалық белгілеріне қарай салыстырып жазыңыз.

Сын есімдер:	Салыстырмалы шырай (-рақ,-рек,-ырақ,-ірек, -лау,-леу,-дау,-деу,-тау,-теу)	Күшейтпелі шырай (-қып,-сап, өте,тым.аса)
Қызыл		
Көп		
Қымбат		
биік		
алыс		

Дескриптор: - сын есімдерге тиісті жұрнақтар жалғап салыстыра алады.

4-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жол ережесін сақтаймыз!

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Оқылым. 1-тапсырма. Суреттегі белгілердің мағынасын ашып оқыңыз.



[16-сурет: https://ds05.infourok.ru/uploads/ex/0cb8/000c1aa7-1ced9fdc/hello_html_m625b2ff2.jpg]

Дескриптор: - жол белгілерін атайды;
- жол белгілерінің мағынасын ашады.

Тілдік бағдар: Сын есімнің заттануы

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Айтылым. 2-тапсырма. Төмендегі сын есімдерге жалғаулар жалғап, зат есім жасаңыз.

АҚЫЛДЫ (ҚАНДАЙ?) + ҒА = АҚЫЛДЫҒА (КІМГЕ?)

ЕРІНШЕК (ҚАНДАЙ?) + =

ҮЛКЕН (ҚАНДАЙ?) + =

ЖАҚСЫ (ҚАНДАЙ?) +

Жазылым. 2-тапсырма. Жоғарыда заттанған сын есімді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыз.

Дескриптор: - сын есімдерге жалғаулар жалғайды;
- зат есім жасайды;
- заттанған сын есім қатыстырып, сөйлем құрайды.

3.8. 8-БӨЛІМ. АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ

- Мақсаты:**
- 5.ӘТН4.4. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу.
 - 5.О4. Ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру.
 - 5.ЖЗ.Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Адамның келбеті және тазалық

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. *Суреттегі екі баланың сырт келбетіне мән беріңіз.*

Олардыңқандай адам екенін ажыратуға бола ма? Әр балаға айт қойып, сырт келбетін сипаттап беріңіз.



[17-сурет: https://ds04.infourok.ru/uploads/ex/0b23/0013317a-e79ff076/hello_html_m715c2ab3.jpg]

- Дескриптор:**
- екі баланы салыстырады;
 - балаларға ат қояды;
 - сырт келбетін сипаттайды;
 - қандай адам екенін ажыратады.

Жазылым. 2-тапсырма. «Адам көркі - шүберек» деген мақалды өз түсінігіңізге қысқаша ой толғау жазыңыз. (30-35 сөз)

- Дескриптор:**
- мақалдың мағынасын түсінеді;
 - өмірден мысал келтіреді;
 - 30-35 сөзден кем емес ойтолау жазады.

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Мінез – ақылдың сауыты

Ойлау деңгейі: төмен деңгей

Оқылым. 1-тапсырма. Мінездің түрлері туралы мәтінді мұқият оқып шығып, өзіңіздің мінезіңізге сәйкес тұстарын айтыңыз .

Тентек – ұрыншақ, көп нәрсенің байыбына бармайтын, барса да, ақырын тоспай айтып тастайтын, тыюсыз, әлі эеткенді ұрып жберуден тайынбайтын адамға тән мінез.

Тура мінез – қара қылды қақ жаратын, бұлтақсыз сөйлейтін, шыншыл, туекелшіл, мқиянат, өсек-аяңға жаны қас адамға тін мінез.


Кербез- бойын түзеп, баптанып, кез келген адамға әсsem көрінгенсіп, жақсыны киіп, жылтырақты жиып, сөйлеген сөзі, істеген ісі іш пыстыртатын адамға тән мінез.

Жібек мінезді – үй ішіне, айналасына жұғымды, қаырымды, мейірімді, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, кісі бетіне жел боп тимейтін, кішіпейіл адамға тән мінез.

Мақтаншақ – жел сөзге әуес, жоғын бардай, түйірін нардай қылып көрсететін, болмасты болдырып, оңбасты ондырып, ауызбен орақ орып, жақсы атанғысы келетн адамға тән мінез.

Дескриптор: - сәйкес мінез түрін таңдайды;
Өзінің мінезі туралы айтады.

Айтылым. 2-тапсырма. Адам мінезіне байланысты өзіңіз білетін сөздерді жазып клас жасаңыз.



«АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАСЫ»

Оқу мақсаты	5.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу 5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес негізгі ақпараттарды табу, мәтін мазмұнын ашу
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Оқылым стратегияларын қолданады Мәтіннен негізгі ақпараттарды таба алады; Мәтін мазмұнын аша алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Айтылым. 1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, мазмұнын 4 сөйлеммен жазыңыз. Нақты 2 ақпаратты анықтаңыз.

«Мінез» сөзі өмірде және көркем әдебиетте кеңінен қолданылады. Басқа адамдармен қатынаса отырып, әр адам өз мінезін танытады және өзгенікін бағалайды. Күнделікті өмірде қауым мінезді «**жақсы**», «**жаман**», «**ауыр**», «**жеңіл**» деп сипаттайды. Ара қатынасымыз бұзылған жағдайда, әдетте: «Мінезіміз келіспеді», - деп жауап береміз. Түрліше мінез иелері ұқсас жағдайларда әртүрлі әрекет етеді, күйзеледі. Егер **біз** келесі адамның мінезін жетік білетін болсақ, онда бізге оның әрекеттерін түсіну де оңайға соғады, ендеше, ол **адаммен** қатынасудың тиімді стилін таңдап, белгілі жағдайлардағы әрекет-қылықтарын болжай аламыз.

А) Мәтіннің мазмұнын ашатын сөйлемдер:

1. _____ -
2. _____ -
3. _____
4. _____

Ә) мәтіндегі негізгі 2 ақпарат:

1. _____
2. _____ - _____

Жазылым. Тапсырма №2. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып көшіріп жаз.

Дескриптор: - мәтін мазмұнына сай 4 сөйлем жазады;
-негізгі 2 ақпарат табады;
-қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойып, көшіріп жазады.

III ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Бөлімдер : «Қиял әлемі. Көлік және жол белгілері. Адамның сырт келбеті мен мінезі.»

Жазылым.

Төменде берілген суреттердің бірін негізге ала отырып, қысқаша әңгіме жазыңыз. Әңгімеңіздің белгілі бір сюжетке құрылуын, қызықты эпизодтың, шағын кейіпкерлер жүйесінің болуын ескеріп жазыңыз. Сөз саны шамамен 30-40 сөз

[10]

1) Жолда жүру ережесіне
Байланысты өмірде
болатын оқиғалар желісі.
Кейіпкерлері: әже мен
бала (есімдерін
ойластырыңыз).



[18-сурет: https://club-detstvo.ru/wp-content/uploads/kartinki-deti-perehodyat-dorogu_49.jpg]

2) Адамдардың мінез-
құлықтарына қатысты
туындайтын
Кікілжіндерді негізге ала
отырып, соңы татулықпен
Аяқталатын әңгіме
құрастырыңыз.

Кейіпкерлері кімдер болмақ?
Ойланыңыз.

[19-сурет: <http://amaximov.ru/stati/vse-stati/214-ssora>]

3) Кейіпкерлері әлемді
жойғысы келген зұлым
күш иесі және оған жол
бермеген сәуегей қария
болатын қиял-ғажайып
әңгіме жазыңыз.



[20-сурет: <https://cutewallpaper.org/21/mass-effect-backgrounds/view-page-21.html>]

Оқылым. Төмендегі сұрақтарды мұқият оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бағдаршам не істейді?

А. Көліктерді жуады Ә. Жол қозғалысын реттейді. Б.Адамдарды тоқтады.

[1]

2. Жолда қай жерден өту керек?

А. Сары жолағы бар жерден Б.Жаяужүргіншілер жолағынан В. Кез келген жерден

[1]

3. Полиция, жедел жәрдем, өрт сөндірушілер көліктері өтіп кеткенше күтіп тұру міндетті ме?

[1]

А. Міндетті емес Б. Тоқтау керек В. Иә, міндетті.

4. Қозғалыссыз тұрған көліктің қай жағынан өту керек?

А. Алдыңғы жағынан Ә. Артқы жағынан Б. Тоқтау

[1]

5. Жолаушы таситын қоғамдық көліктерді қай жерден күтеді?

А. Автотұрақта Ә. Жаяужүргінші жолында Б. Аялдамада

[1]

Дескриптор:

Жазылым:

- Тақырыптың біреуін таңдайды;
- Тақырыпқа сай әңгіме жазады;
- Сөз санын сақтады;
- Сюжеті бар, кейіпкерлер жазады.

Оқылым:

- Сұрақтарға нақты жауап береді.

3.9. 9-БӨЛІМ. СЫРЛЫ ДА СИҚЫРЛЫ АСПАН ӘЛЕМІ

- Мақсаты:** 5.ӘТН4.4. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу
5.Об. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Сырлы да сиқырлы аспан әлемі

Тілдік бағдар: Сан есім (дара және күрделі)

Ойлау дағдысы: орта деігей

Жазылым.

А) Көп нүктенің орнына керек санды қой.

Ер..... Рет өледі.

Қорқақ..... рет өледі.

А) бір, бесінші Ә) бір, мың Б) бір, көп

Ә) Мына сөздер қай сөз табына жатады? Алты, он екі, жүз

А) етістік Ә) сын есім Б) сан есім

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Оқылым. 2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, сан есімді сұрақ қою арқылы тауып оқыңыз.

Аспан әлемі

Галактика деп бәріне ортақ бір центрден айналатын сансыз мол жұлдыздардың алапат үлкен жүйесін айтады. Аспандағы жай көзбен көрінетін самсаған 6000 жұлдыз Біздің Галактика деп аталатын бір ғана галактикаға жатады. Кейде «Сүт Жолы» деп те атайтын Біздің галактикада жай көзге көрінбейтін 200 миллиардтай жұлдыз бар. Оған аспан күмбезін белдеулеп жатқан, шашырап төгілген сүтке ұқсас, ақшыл жолақ та кіреді. Бұл жолақты Сүт жолы, ал қазақтар Құс жолы деп атайды.

Тілдік бағдар: Дара және күрделі сан есім

Ойлау дағысы: төмен деңгей

Айтылым. 3-тапсырма. *Төмендегі сан есімдерді дара және күрделі сан есім етіп ажыратыңыз.*

Қырық, он екі, екі мың үшінші, тоғыз, алпыс, жиырма төрт

Дара:

Күрделі:

Дескриптор: Жазылым. –көп нүктенің орнына тиісті санды қояды;

Оқылым. –дара және күрделі сан есімдерді ажыратады;

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Аспан денелері қалай зерттеледі?

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Тілдік бағдар: сан есімнің мағыналық түрлері

Жазылым. 1-тапсырма. Семантикалық картаны жасаңыз. Дұрыс жауабын «+» белгілеңіз.

Мысалдар	Есептік сан есім	Реттік сан есім
Бір мың екі жүз бес		
Отызыншы		
Жиырма жеті		
Қырық бірінші		
ІІІ орын		
19 наурыз		
5 үй		
XX ғасыр		
1992 жыл		

Дескриптор:

- семантикалық картаны сызады;
- сан есімнің мағыналарын ажыратады.

Айтылым. 2-тапсырма. Суретке қарап, отырып төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



Аспандағы
ғаламшарлардың атын
білесіз?

Жұлдыздарға қатысты
аңыз білесіз бе?

[21-сурет: https://massaget.kz/userdata/news/news_61920/image_1.jpg]

Жазылым. 3-тапсырма. «Тез ойлан» ойынын ойнайық. Тез арада төмендегі сан есім+сөздер арқылы тұтас сөз жазыңыз.

8 + көз

Жел+90

9+құмалақ

1+ қазан

К+3

К+3+ік

Дескриптор:

- ойын шарты бойынша сөз бен сандардан тұтас сөз құрастырады.

3.10. 10-БӨЛІМ. САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС

Мақсаты: 5.ӘТН5. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

ӘТН4.5. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.

5.ЖЗ. Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру

1-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Саяхат - таным бастауы.

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтаңыз. - Айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтыңыз.

Саяхаттау, серуендеу, демалу, тынығу, туризм

Дескриптор: - сөздердің жеке мағынасын айтады;

Айырмашылықтарын ажыратады;

Ұқсастықтарын атайды.

Тілдік бағдар: Төл сөз және төлеу сөз

Ойлау дағдысы: жоғары деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі төл сөзді төлеу сөзге айналдырып жазыңыз.

Төл сөз: Мұғалім: «Біздің сыныпта жиырма сегіз оқушы бар» - деп айтты.

Төлеу сөз:

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Оқылым. 3-тапсырма. Мәтіндегі ойды жалғастырыңыз. Көп нүктенің орнынан қажетті сөздерді қойып толықтырыңыз.

Саяхаттау - адамның өмірін жарқын ете түсетін, түрлі тәтті естеліктерге толтыратын дүние. Ол адамға бітіріп, дүниетанымын кеңейтеді. Мен саяхаттағанды қатты. Әзірге шетелдерге шығып көрмедім. Бірақ еліміздің өңірлерін, қалаларын араладым. Мен қаласында тұрамын..

Керекті сөздер: біраз. ... қанат, Нұр-Сұлтан, ұнатамын.

Дескриптор: - керекті сөздерді тисті орнына қояды;

-мәтінді толық оқып шығады.

2-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Қазақтың тұңғыш жиһанкезі

Ойлау дағдысы: төмен деңгей

Тыңдалым.1 -тапсырма. *Аудиожазбадан ұлы саяхатшы Шоқан туралы ақпаратты тыңдап, төмендегі сызбаны толтырыңыз.*



[21-сурет:

[https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D0%BE%D2%9B%D0%B0%D0%BD_%D0%A8%D1%8B%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%81%D2%B1%D0%BB%D1%8B_%D0%A3%D3%99%D0%BB%D0%B8%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2\]](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D0%BE%D2%9B%D0%B0%D0%BD_%D0%A8%D1%8B%D2%A3%D2%93%D1%8B%D1%81%D2%B1%D0%BB%D1%8B_%D0%A3%D3%99%D0%BB%D0%B8%D1%85%D0%B0%D0%BD%D0%BE%D0%B2)

Дескриптор: - жазбаны мұқият тыңдайды;
- тыңдаған ақпарат бойынша сызбаны толтырады.

Тілдік бағдар: Төл сөз бен автор сөз

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Жазылым.2-тапсырма. Берілген сөйлемдерден автор сөзін бір сызықпен, төл сөзді екі сызықпен сызыңыз.

1. «Геродот деген кісі саған таныс па?» - деп сұрады Руслан.
2. Ол менен: «Сенің жасың нешеде?» - деп сұрады.
3. Орман ішінде келе жатып: «Анау тұрған үй кімдікі?» – деді ол.

Дескриптор: - сөйлем ішінен автор сөзін белгілейді;
- сөйлем ішінен төл сөзді белгілейді.

3-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Жаңа әлемдегі жаңа саяхаттар

Ойлдау дағдысы: жоғары деңгей

Айтылым. 1-тапсырма. Сыныпшен еліміздің табиғаты әдемі жерлеріне саяхаттауға баратын болсаңыз, тоқтайтын алдамаларың туралы қысқаша айтыңыз.



1-аялдама.....

.....



2-аялдама.....

.....



3-аялдама.....

.....

Дескриптор:

- саяхат жасайтын жерлері туралы әңгімелейді;
- әр аялдамадағы жер,су атауларын атайды.

Тілдік бағдар: Төл сөздің тыныс белгілері

Ойлау дағдысы: орта деңгей

Жазылым. 2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерге тыныс белгілерін дұрыс қойып жазыңыз.

1. Ерлік аспаннан түспейді дейді Бауыржан Момышұлы.
2. Айнұр одан «Сен тұңғыш ғарышкерлерді білесің бе?» деп сұрады.
3. Жоғары жақтан біреу былай деді «Сенің атың кім еді?»

Дескриптор:

- сөйлемдерге тиісті тыныс белгілерін қояды;
- төл сөзді ажыратады.

«АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ.СИНТАКСИС» БӨЛІМІ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Оқу мақсаты 5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Тірек сөздер мен жетекші сұрақтардың көмегімен мәтіннің негізгі ойын анықтайды

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдап, оның негізгі ойын беретін 3 тірек сөзді жазыңыз.

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

Астрономиялық бақылаулар

Ерте кездің өзінде-ақ алыс сапарға саяхатқа шыққан адамдар түнде жұлдыздарға, күндіз күнге қарап жол таба білген. Астрономиялық бақылаулар бүгінде халық шаруашылығының қатарына: уақытты өлшеу, дәл географиялық карталарды жасау, теңізде, әуеде, ғарыш кеңістігінде аспан шырақтары бойынша бағдар алу жатады. Дегенмен де бүгінде астрономияның мәні бұлармен шектеліп қала алмайды. Ай мен Күн жүйесінің ғаламшарларын зерттеу өзіміздің Жерімізді жақсырақ білуге тудырады. Жер айналасындағы ғарыш кеңістігі мен Жерге жақын маңдағы аспан денелері қазірдің өзінде-ақ адам қызметінің шеңберіне еніп отыр. Болашақта ғарышты игеру адам баласының өмір сүру ортасын кеңейтеді, экологиялық көкейтесті мәселелерді шешуді жеңілдетеді.

Аспан денелерінің көрінбейтін сәулелерінің негізгі бөлігі Жер атмосферасына жұтылады және Жердің бетіне жетпейді. Сондықтан да Жерден жүргізетін бақылауды атмосферадан тыс кеңістіктен жүргізумен толықтыруға болады.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Адамдар не себепті ерте замандарда жол табу үшін аспан денелеріне сүйенген?
- 2) Адамдар не себепті аспан әлемінің құпияларын зерттеуге асық болды?
- 3) Адамның тағдырын аспан денелерімен байланыстыру қаншалықты орынды?
- 4) Өзіңіз мәтіннен қандай ой түйдіңіз?

Балл қою кестесі:

№ тапсырма	Дескриптор	Балл
	<i>Білім алушы</i>	
1-2	Тірек сөздерді анықтайды:	
	1-тірек сөз;	1
	2-тірек сөз;	1
	3-тірек сөз;	1
	Сұрақтарға жауап береді:	
	1-сұрақ;	1
	2-сұрақ;	1
3-сұрақ;	1	
4-сұрақ.	1	

4-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚТЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

«Аспан әлемінің құпиялары. Саяхат және демалыс. Синтаксис» бөлімдері бойынша

Оқылым. Тапсырма. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Саяхат қызықтары

Кей адамдардың саяхаттауға деген құмарлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл адамдар саяхаттау үшін ғана жаралғандай. Ал кейбір адамдар саяхатты дүниетанымын кеңейтудің жолы деп емес, тек демалыс деп қана ұғады. Сіздің қай топқа жататыныңызды білмейміз, алайда саяхаттаудың басты себептерін атап бере аламыз.

1. Демалыс және күш-қуатты қалпына келтіру. Күнделікті күйбең тіршіліктен бір мезет өзге кеңістікке көңіл жүгіртіп көріңізші, қаланың шуы мен дабылынан даланың дархан желі артық емес пе?! Таза ауамен жасыл табиғат сізге серпін беріп, күш-қуат сыйлайды.

2. Жаңа қабілеттерге ие боласыз. Саяхаттау жаңа мәселелер мен міндеттерді алға қояды, бұл міндеттерді, мәселелерді шешу арқылы өзіңіздің қабілетіңіз бен мүмкіншілігіңізді арттырасыз.

3. Дүниетанымыңызды кеңейтесіз. Сапар шегу арқылы сіз өзге мәдени әлемге, өзге адамдардың өміріне саяхаттайсыз. Жергілікті халықтың мәдениетіне, тұрмысына үңілесіз, мәнін іздейсіз. Сол арқылы әлемді тануда жаңа көзқарас қалыптастырасыз. Өз еліңізге келгенде санаңызда салыстыруға болатын дүниелер пайда болады.

4. Табиғатпен оңаша қалу. Біз көп уақытымызды жабық кеңістікте өткіземіз. Ал саяхат жасау сізді кең кеңістікке – табиғат ананың аялы алақанына алып шығады. Аймақтың кеңдігі кеудеңіз кеңеюіне де жол ашады.

1-тапсырма. Автор көрсеткен саяхатқа барудың 4 себебін (әр себепті кемінде 2 сөйлеммен) өз сөзіңізбен жеткізіңіз.

1-себеп	
---------	--

[2]

2-себеп	
---------	--

[2]

3-себеп	
---------	--

[2]

4-себеп	51
---------	----

Дескриптор: - Мәтіндегі нақты ақпараттарды көрсетеді;
-себептерін кемінде 2 сөйлеммен жеткізеді;
-ойын жеткізуде өмірден мысал келтіреді.

Жазылым.

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, 40-50 сөзден тұратын досыңызға хат жазыңыз. Хатыңызда төл сөздерді қызметіне қарай қолданыңыз.

[5]

- 1) Сіз «Аспан әлемінің қызықтары» атты кітап оқыдыңыз. Одан алған ақпараттармен басқа қалаға көшіп кеткен досыңызбенмен бөліскіңіз келді. Досыңызға аспан әлемінің қызықтары туралы айтып хат жазыңыз. Хаттың жанрлық, құрылымдық, ресімделуіндегі ерекшеліктерді ескеріңіз.
- 2) Сіз шетелде ұзақ мерзімді саяхатта жүрсіз. Досыңызға саяхатыңыздың қызықтарымен бөлісе отырып, хат жазыңыз. Хаттың жанрлық, құрылымдық, ресімделуіндегі ерекшеліктерді ескеріңіз.

Дескриптор: - Мәтінде көтерілген мәселені терең түсінгендігін көрсетеді.
Өз пікірін мәтінмен, басқа да дерек көздердегі ақпараттармен байланыстырып, ұтымды жеткізеді.
Дәйектемелері көзқарасын дәлелдеуде өте дәл, нақты.
Талқылау кезінде жоғары ойлау деңгейін көрсететін ашық сұрақтар қояды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ.
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде), 2018ж (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша).
3. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға инклюзивті (кіріктіре) білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2009 жылғы наурыздың 16-ндағы № 4-02-4/450 хаты).
4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы.
5. «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 3-қосымша.
7. Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде). 5-сынып «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2020ж.
8. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық./ Ж. Дәулетбекова, Г. Қосымова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.
9. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.-127 б.

ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР

10. «Адамның жасына байланысты атаулар». <https://bilim-all.kz/article/2095-Adamnyn-zhasyna-bailanysty-ataular>
11. <https://melimde.com/inklyuzivti-bilim-berudi-haliarali-tejiribesi.html>
12. «Қазақтың ұлттық костюмінің композициясы» https://emirsaba.org/pars_docs/refs/1/784/784.pdf
13. «Как здороваются мусульмане?» <https://rutvet.ru/in-kak-zdorovayutsya->

- [musulmane-8258.html](#)
14. «Кімдерді дос тұту керек?»
<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/46056/>
15. <http://900igr.net/prezentacija/tehnologija/kazakhskaja-natsionalnaja-odezhda-129090/shapan-khalat-osnovnoj-vid-odezhdy-kazakhov-6.html>
16. «Ұлттық киімдер, сәукеле жасау презентация»
<https://multiurok.ru/files/u-ltтыk-kiimdier-s-ukielie-zhasau-prieziatatsiia.html>
17. «Қазақтың «ашамайға мінгізу» салты жайлы не білеміз?»
https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazaktyin-ashamayga-mngzu-saltyi-jayly-ne-blemz-294098/
18. <https://studfile.net/preview/2039068/>
13. <https://newsroom.kz/nrnewsqaz/psy2015110.html>
14. «Отбасылық дәстүрлер. Қарым-қатынасты жақсартуда олар қаншалықты маңызды?»
<https://www.telefon150.kz/tpost/8xkfuku05u-otbasili-dstrler-arim-atinasti-zhasartud>
15. <https://kz.otyrar.kz/2018/08/besik-besik-zhyrynsyz-terbelmeui-kerek/>
16. «Ұмытылған салт-дәстүрлер»
<https://zhalagash-zharshysy.kz/zanalyk/ruhaniyt/23-mytyla-bastaan-aza-salt-dstrler.html>
17. <https://ppt-online.org/354529>
18. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%BE%D1%80%D0%B5%D0%BA%D1%82%D1%96%D0%BA_%D1%82%D1%96%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA